

*Жаңа түскен басылымдардың  
виртуалды көрмесі*

*№4, 2019*

*Виртуальная выставка  
новых поступлений  
научных изданий*



**Шәкенұлы Жәди. Боз мұнар: Роман, Хикаяттар Алматы, "Palitra-Press" баспасы, 2018. - 312 бет**

Ж.Шәкенұлының бұл жаңа кітабына «Бозмұнар» романы мен үш хикаяты кірген. Шығарма арқауы бүгінгі күннің тақырыбын өзек етіп, онда өмірдің нәзік болмыстары, махаббат, шекара аталатын қызыл сызықтың кесірінен тағдыры талқыға түскен жандардың аянышты халі бәр-бәрі көркемдікпен бейнеленген. Соның ішінде шеттегі қазақтың бастан кешкен ауыр күндері, атамекенге оралу барысындағы әр түрлі көңіл-күйлері мен сан қилы сынақтағы сындарлы сәттері біршама терең суреттелген. Нарықтық экономика дәуіріне дөп келген қандастарымыздың Алматыдай ірі қаладағы бастан кешкендері арқылы жаңадан еңсе көтерген қазақ елінің басынан өткен мұнарлы күндер бейнесі де бірден көз алдыңызға келеді.



**Еженханұлы Б. Қожаберген батыр (1756-1767 жылдарда қалыптасқан мәнжу-қытай мұрағат құжаттары негізінде).- Алматы: «Арыс», 2017.-496 б.**


Кітап қазақ батыры Қожаберген мен оның елі туралы сыр шертеді. Кітап авторы 1756-1767 жылдарда қалыптасқан Цин патшалық мұрағат құжаттар негізінде аталмыш тұлға мен оның еліне қатысты 11 жылдық тарихқа зейін салу арқылы қазақ-қалмақ, қазақ-цин тарихи қарым-қатынастарындағы бірсыпыра күрделі әрі маңызды мәселелерге зерттеулер жүргізген. Кітапқа енгізілген 70 тарихи құжаттың көбісі мәнжу-қытай тілдеріндегі түпнұсқаларынан қазақ тіліне тұңғыш рет аударылып, оқырманның назарына ұсынылып отыр.



## **Медеу ауданының 100 үздік мұғалімі. 100 лучших учителей Медеуского района/Алматы: ARNA-B, 2018-172 б.**

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бастамасымен елімізде 2017 жылдан бастап «Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасы қолға алынған болатын. Жобаның міндеті - Тәуелсіздік алған жылдардан бері мемлекетіміздің дамуына елеулі үлестерін қосып жүрген әр саланың майталмандарын көпке таныту. Осы игі бастаманы жүзеге асыру мақсатында қоғамда жетістікке жетіп, еңбегімен, біліктілігімен көзге түскен азаматтар жобаға енгізілуде.

«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты Президент мақаласында көрсетілген «100 жаңа есім» жобасының өңірлік нұсқасын жасау» туралы міндет Алматы қаласында да бастау алды. Қолдарыңыздағы жинақ - аталмыш міндетті орындаудағы алғашқы кадамдардың бірі. Медеу ауданы бойынша білім саласында қажырлы еңбек етіп, бала тәрбиелеу мен оқытуда табысты жұмыс атқарған ұстаздар осы жинаққа еніп отыр. Бүкілелдік ауқымда атқарылып жатқан бұл жоба мұнымен тоқтамай, әрі қарай аудан бойынша үздік түлектердің, үздік оқушылардың есімдерімен жалғасатын болады. Қолдарыңызға алып отырған жинақ жылдар бойы абыройлы қызмет жасап келе жатқан, болашақта мемлекеттің алтын қорына енетін аудан ұстаздарын көпке таныстыруға ықпал етіп, олардың жұмыстарына жаңа серпін береді деп сенеміз.





**Зар заманның шерлі шежіресі /Құраст. - Әлімғазы Дәулетхан. - Алматы: «Жания-Полиграф», 2018. - 296 б.**


Бұл жинақтың бірінші бөлімінде Қытайдағы Шыңжаң қазақтарының, 19-ғасырдың екінші жартысы мен 20-ғасырдың басында өмір сүрген көрнекті өкілі, соңғы заман жазба поэзиясының негізін қаласқан озық ойлы ақын, терең толғамды философ, ағартушы, діни ғұлама, өткір тілді шешен, көп тілді қанық білген тілгер, күйші-композитор Шылбы Көбекұлының халық аузында кең тараған шығармалары берілген.

Кітаптың екінші бөліміне Шылбы ақынның ұлы, Шыңжаңдағы Күнес ауданының ағарту ісіне елеулі үлес қосқан ұстаз, Қытайдағы мәдениет төңкерісі» кезінде қуғын-сүргін көрген белгілі ақын, жырау, айтыскер, әнші-күйші, сазгер, этнограф Дәулетхан Шылбы-ұлының шығармалары енген.



**Қазақстанның әйелдері мен ерлері 2013-2017. Статистикалық жинақ / Бас.ред.: Н.С.Айдапкелов; ҚР Ұлттық экономика мин. Статистика ком. - Астана, 2018. - 127 б.**





**Махаббаттың мәні: Отбасы хрестоматиясы/ С.Керімбай, М.Төлеген, С.Нұрқабекұлы, Ә.Нәби. - Алматы: «Орхон» Баспа үйі, 2018. -208 б.**


Бұл кітапта ғашықтық, құмарлық, еркіндік, жауапкершілік, махаббат феномендері экзистенция әдісімен талданған. Авторлар қазіргі қазақ қоғамындағы отбасы проблемасының түпнегізін жан жақты талдап көрсетеді. Жетпіс жыл большевиктік боданда болған қазақ жұртының санасына деколонизация жасауға тырысқан.



**Керімбай Санжар**

**Өркениетті адам: Отбасы хрестоматиясы /С. Керімбай. - Алматы: «Орхон» Баспа үйі, 2018. -210 б.**

Кітапта автордың түрлі ситуациядағы оқиғалары мен сұхбаттары берілген. Кітапты оқып отырып Қазақстандағы надандық факторы, оның себебі мен салдарына үңіле аласыз. Кітаптағы оқиғалар экзистенция анализі бойынша талданған.



**Ли Бэй қазақ емес!: мақалалар мен ой-пікірлер /Құрастырушы - Әлімғазы Дәулетхан.- Алматы: «Жания-Полиграф», 2018. - 252 б.**

Бұл жинаққа 8-ғасырдағы әлемге әйгілі қытайлық романтик ақын Ли Бәйді «Шуда туған Елдібай деген қазақ-дулат ақыны», ал оның әкесі Ли Кыны Таразда өмір сүрген «Алқа би данышпан», сондай-ақ, Кан мән эр есімді тағы да бір қытай ақынын «Қарлұқ Кегменер Үлгеұлы» етпек болған кейбір жалған «ғалым», «доктор», «профессор» атанып алған оқымыстысымақтардың он жылдан бері қазақ жұртшылығын шулатып, болашақта жас ұрпақтың санасын улауы, тәуелсіздігіміздің берік тұғырын шайқалтуы, тіпті, еларалық дау туғызуы мүмкін, еш тарихи дәйек-дерексіз жазылып, баспасөздерде жарияланып кеткен бүлдіргі мақалалары, олардың алдауына түскен және осындай арандатушыларды қолдаймыз деп жылдар бойы «қасықтап жиған абыройларын шөміштеп төккен» зиялысымақтарымыздың «есіл еңбектерін» жоққа шығарып келе жатқан тарихшыларымыз бен әдебиеттанушы ғалымдарымыздың деректі ғылыми мақалалары енгізілген.




**Қапалбекұлы Н. Суықтөбенің ұлары: Әңгімелер мен повесть / Н. Қапалбекұлы. Алматы: «Баянжүрек» баспасы, 2018 ж. - 328 бет.**

Белгілі қаламгер, Халықаралық Алаш әдеби сыйлығының иегері Нағашыбек Қапалбекұлының «Суықтөбенің ұлары» атты әңгімелер жинағында халықтың басынан өткен кешегі ауыр кезеңдер, адам болмысының нәзік қырлары, аянышты тағдырлары суреттелген.

Өмірлік тарихы бар, танымдық мазмұнға бай «Суықтөбенің ұлары», «Құт пен жұт», «Ақ шымылдық», «Сүлде», «Үрей» және басқа да сиясы кеппеген тың әңгімелері бүгінгі күннің көкейкесті мәселелерін ортаға салады, өзінше ой түйеді, оқырманын ойландырады.

Шығармалардағы қарапайым жандардың тіршілік тынысы, ішкі жан – дүниесі, өмірге деген құштарлығы шынайы суреттелген.






**Бихамит И.Н. Шығысша емдеу рецептер топтамасы / Н.И.Бихамит. - Алматы: "Заңғар", 2018. - 260 б.**


Бұл кітапта адам ағзасына пайдалы және емдік қасиеті бар шөптердің рецептерімен қалай колдану тәсілдері, қай шөп қандай ауруға қарсы ем екендігі ашып жазылған. Қырық жылға жуық медицина саласында талмай еңбек еткен автордың осы жинағы болашақ ұрпаққа көмегі тиіп жатса, мақсатының орындалғаны.

**«Ел бастаған Елісхан»- деректі зерттеулер, /Құраст.:Жәди Шәкенұлы, Шалқар Әбділұлы.- Алматы: «Palitra Press» баспасы, 2018. - 212 б.**

Бұл кітапқа қазақ халқының басына зұлмат күндер түскен 1930-1940 жылдардағы қанды күндердің құрбаны, ұлт қаһарманы Елісхан Әліпұлының (1908-1943) әдебиет пен тарихтағы орны хақындағы зерттеулер кіріп отыр.


Гималайды тұңғыш рет асып өткен қазақ көшінің басшысы туралы әдебиетші, тарихшы ғалымдардың мақалалары мен деректері батырдың өмірі мен күрес жолы хақында көптеген мағлұматтар береді. Сол арқылы азаттық, еркіндік аңсаған көштің мұраты - біздің бүгінгі тәуелсіздігіміз екенін, Отанның қымбат құндылық екенін, оны мәңгі қорғап өтудің қажеттігін ұрпақ санасына сіңіруді мақсат етеді.





**Сейіт Омар Саттарұлы**  
**ШАХ БҮЗІРІК (Сабыт) әулеті шежіресі.- «Алтын Шаңрақ»,**  
**Шымкент – 2018.- 352б.**

Кітапта Алланың үкімі болған исламды тарату жолында Қазақстанның барлық аймақтарына тарыдай бытырап кеткен әулет өкілдерінің шежіресі мен тарихы берілген.




**Б. Қожахметов**

**Қасиетті Ұлытау: Терісаққан төскейі - Священный Улытау: Склоны Терисаккана - Sacred Ulytau: The slopes of Terisakkan / Б. Қожахметов - Алматы: «Асыл сөз» баспасы, - 2018 ж. - 304 бет. қазақша, орысша, ағылшынша.**

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында «Халқымыз ғасырлар бойы туған жердің табиғатын көздің қарашығындай сақтап, оның байлығын үнемді, әрі орынды жұмсайтын тендесі жоқ экологиялық өмір салтын ұстанып келді» деген еді.

Ұлытау - елдің байлығы, һәм кіндігі. Тұнып тұрған тарих. Ұлытау - ұлы даладағы сиқырға толы көненің шерткен әуезді сазы іспетті.





**Абай туралы естеліктер./ - Алматы: «Қаламгер» баспасы, 2018 - 504 бет.**

Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы туралы естеліктер жинағы Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың, ұлы ақынның ЮНЕСКО аясында өткен 150 жылдық мерейтойында жасаған «Абай туралы сөз» баяндамасымен, немере інісі Әрхам Кәкітайұлы мен туған ұлы Тұрағұл Абайұлы және замандас шәкірті, көрнекті ақын Көкбай Жанатайұлының, абайтанушы, шежіреші Ниязбек Алдажаровтың естеліктерімен ашылған. Кітаптан сонымен қатар Абайдың ұрпақтары мен ақындық айналасының естелік әңгімелерімен таныса аласыздар.

Жарияланып отырған мақалалар ұлы ақынның данышпан, білімдар, адамгершіл, әділетті, сондай-ақ туған қазағын қалтқысыз сүйген елжанды тұлғасын жан-жақты тани түсуге көмектеседі және туған халқының дара туған дана перзентіне деген сүйіспеншілігін паш етеді.



**Абайұлы Т.**

**Шығармалар жинағы. Зерттеулер, мақалалар, аудармалар / Тұрағұл Абайұлы. - Астана: «Алашорда» қоғамдық қоры, 2018.- 176 б.**

Жинаққа қоғам қайраткері, аудармашы, әдебиеттанушы Тұрағұл Абайұлының А.М. Горькийден аударған «Челкаш» атты әңгімесі, Джек Лондоннан аударған «Баланың ерлігі», А.Неверовтен аударған «Мен өмірге жерікпін», «Ортақшыл Мария», Б.Прустан «Әнтек қыран», Г.Н. Сперанскийден «Балалы әйел не білуі керек?», А.Б. Белицерден «Қолдағы малдың, құстардың күрт ауруы болмағының жайы», Пиридолин С.П. «Мал шаруасының насихаттары» т.с.с. аудармалары, «Әкем Абай туралы» естелігі енген.



**Мамытұлы Ахмет**

**Шығармалар жинағы. - Астана: «Алашорда» қоғамдық қоры, 2018. - 328б.**


Кітапта ХХ ғасырдың басындағы қазақ ғылымының қалыптасуына елеулі үлес қосқан Ахмет Мамытұлының еңбектері алғаш рет жинақталып беріліп отыр. Жинақта «Кеңес» атты өлендері мен аудармалары, «Әйелдерге кеңес», «Соз ауруы», «Теңге қотырдан сақтану жолдары», «Тырақома (көз ауруы), «Денсаулық жолында», атты төл туындыларымен қатар аудармалары, мақалалары қамтылған.



**Басымұлы Қ. Шығармалар жинағы. Зерттеулер, мақалалар / Қажым Басымұлы.- Астана: «Алашорда» қоғамдық қоры, 2018. - 240 б.**

Жинақта Қ. Басымұлының «Жаңа әріп пен жаңа емле және дыбыстарымыздың жіктері» атты еңбегі, қазақ тілінің фонетикасы, морфология, емле, тыныс белгілері, әліпби әдебиет мәселелеріне қатысты жарық көрген мақалалары, бағдарламалары, мұрағаттан табылған құжаттар қамтылды. Қазақ тіл білімінің қалыптасып, дамуына елеулі үлес қосқан ғалымның тілтанымдық мұрасы жинақталған.





**Қ.Айдарханұлы, Ж. Шәкенұлы. Алтай алыптары - деректі хикаялар, - Алматы «Zaman-print» баспасы. 2018 жыл, 252 бет.**

Бұл кітапқа Алтайдың ар жағындағы ағайындар арасында өткен көрнекті қазақ балуандарының өмір тарихы кіргізілген. Қазақ халқының ер жүрек, қайсар, қарулы ұлдарының арыс майданындағы алыптығы арқылы ұлтқа, ұрпаққа рухы мықты үлгі сыйлауды мақсат етеді.

Халық ауыз әдебиетіндегі дәстүрлі баяндау үлгісімен жазылған хикаялардың оқиғасы қызық, оқуға жеңіл. Оқырманын бірден баурап алады.



**Шайхыұлы Е. Атақты айтқыштар. - Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2018. - 256 бет.**


Белгілі сатирик-жазушы Ермахан Шайхыұлының қолыңызға тиген бұл кітабына атының өзі айтып тұрғандай, қазақтың қабырғалы қаламгерлері Тайыр Жароков, Мұқағали Мақатаев, Мұзафар Әлімбаев, Ғафу Қайырбековтерден бастап, әйгілі әртістердің, әдебиет пен өнердегі әріптестерінің, тіпті сонау ауылдағы айтқыштар мен кішкентай айтқыштардың да қауып емес, тауып айтқан, қисынын келтіріп, келістіре айтқан әзіл-қалжындары топтастырылған. Бұл туындылардың барлығы кезінде «Айқын» газетінің «№5 жатақхана» қосымшасында жарық көрген.



**ҚУЫР-ҚУЫР, ҚУЫРМАШ: Қазақтың балалар фольклоры: халық өлеңдері, тақпақтар, санамақтар, жұмбақтар, жаңылтпаштар, ойындар, жұмбақ-есептер, мақал-мәтелдер, ертегілер, аңыздар / Құраст. Б. Қошым-Ноғай. - Алматы: Раритет, 2018.-400 б.**

Қазақ ауыз әдебиетінің асыл үлгілері жас ұрпақты тәрбиелеуге орасан зор қызмет атқарады. Ал ауыз әдебиетінің аса маңызды бір саласы - балалар фольклоры болып табылады.

Бұл антологияға ғасырлар бойы атадан балаға ауызша жеткен асыл қазынамыз - балалар фольклоры жүйелі топтастырылған. Оқырман қауымның жас ерекшелігін ескеріп тақпақтар, санамақтар мен қаламақтар, жұмбақтар мен жаңылтпаштар, ойындар, мақалдар мен мәтелдер, аңыздар мен ертегілер өзінің шұрайлы тілімен, тапқыр шешімімен, қызықты оқиғасымен баурап алады.



**Әуез Мұрат. Ділім.- Алматы: «Жібек жолы» Баспа үйі, 2018. - 376 бет .- Қазақ, орыс, ағылшын және ұйғыр тілдерінде.**

Қоғам және мемлекет қайраткері, мәдениеттанушы Мұрат Әуездің бұл кітабына әр жылдардағы мақалалары, түрлі басылымдарға берген сұхбаттары, халықаралық және республикалық симпозиум-конференцияларда жасаған баяндамалары мен сөйлеген сөздері, айтқан ой-пікірлері топтастырылып беріліп отыр.


Кітапта автор еліміздегі қоғамдық, саяси және әлеуметтік мәселелер, мәдени және әдеби процестер, қазіргі әлемдегі геосаяси жағдайлар, жаһандану үдерісінің жай-күйі мен маңызды жақтары жайында ой білдіреді.





**XX ғасыр басындағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. 2-кітап. Құраст. О.Жұбаева. - Астана: «Алашорда» қоғамдық қоры, 2018. - 720 бет.**

Бұл кітап - 2013 жылы шыққан осы атаулас жинақтың жалғасы. Кітапқа 1920-1930 жылдары баспасөз бетінде жарияланған, архив қорында сақталған орфография, терминология, фонетика, морфология, әдістеме, сын т.с.с. түрлі сала бойынша мақалалар, архив құжаттары енді. Сол кезеңдегі конференциялар мен съезд материалдары, архивтен табылған қолжазба нұсқалар сканер түрінде берілді.



**Харари Ювал Ноаһ.**

**Sapiens: Адамзаттың қысқаша тарихы.-Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2018 жыл. - 368 бет.**


Жүз мың жыл бұрын *Homo sapiens* осы ғаламшарда өмір сүрген алты түрдің бірі еді. Экожүйеде горилладан, жарқырауық қоңыздан немесе медузадан артықшылығы жоқ, елеусіздеу жануар болатын. Шамамен 70 мың жыл бұрынғы *Homo sapiens*тің когнитивті қарым-қабілетінің жұмбақтау өзгерісі оны ғаламшардың қожасына әрі экожүйенің тажалына айналдырып жіберді. Ал басқа түрге не болды? Ақша, мемлекеттер, діндер қашан және не үшін пайда болды? Империялар қалай құрылды және күйреді? Неліктен барлық қоғамда әйелдерді еркектерден төмен қойды? Ғылым мен капитализм қалай ғана жаңа заманның ең басты арқа сүйеріне айналып шыға келді? Жүйткіген уақыт ағымында адамдар шынайы бақытқа кенеле алды ма? Болашақта бізді не күтіп тұр?



**Послание Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева народу Казахстана «Рост благосостояния казахстанцев: повышение доходов и качества жизни». Информационно-аналитические материалы / Под общ. Ред. З.К. Шаукеновой. - Астана: КИСИ при Президенте РК, 2018. - 192 с.**

Книга посвящена Посланию Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева народу Казахстана «Рост благосостояния казахстанцев: повышение доходов и качества жизни» от 5 октября 2018 года.

В издании представлен анализ шести основных направлений Послания в рамках происходящих модернизационных процессов. Большое внимание уделено практической реализации ключевых аспектов Послания Главы государства: росту доходов населения, повышению качества жизни, обеспечению комфортной среды проживания; повышению эффективности деятельности государственных органов, поддержанию сбалансированного внешнеполитического взаимодействия Казахстана со странами мира, обеспечению сопричастности граждан к происходящим реформам.




**Ананьева С. В. Эрнст Боос: Через тернии судьбы / Светлана Ананьева - Алматы, 2017. – 144 с.: ил. - (Известные немцы Казахстана: сер. биогр.; вып. 4).**

В книге раскрыт жизненный и многогранный научный путь известного физика-ядерщика, академика Национальной академии наук Казахстана, иностранного члена немецкого физического общества в Германии, Эрнста Гербертовича Бооса, основателя Научного общества немцев Казахстана.


Э.Г. Боос сполна отдал свой сыновний долг казахской земле, на которой он вырос, получил путевку в жизнь и состоялся как ученый с мировым именем. Особо значим личный вклад Эрнста Гербертовича в укрепление международного научного сотрудничества и выстраивание образовательных связей между университетами Республики Казахстан и Германии.





**Птицы Средней Азии: справочник-определитель: в 2 т. / [под общ. ред. В.К. Рябицева]. - Москва; Екатеринбург: Кабинетный ученый, 2019. Т. 1. - 392 с.: ил.**


В определителе приведены описания более 530 видов птиц, зарегистрированных на территории стран Средней Азии (юг Казахстана, Кыргызстан, Таджикистан, Туркменистан, Узбекистан). Первый том (черно-белый) — справочный. Он включает все вводные и вспомогательные разделы, большую часть тома занимают видовые очерки, содержащие названия птиц на русском, латинском и английском языках, а также на государственных языках стран Средней Азии, наиболее употребительные синонимы, описание контактных признаков (когда птица в руках), основные размерные характеристики (промеры), сведения об образе жизни.



**Птицы Средней Азии: справочник-определитель: в 2 т. / [под общ. ред. В.К. Рябицева]. - Москва; Екатеринбург: Кабинетный ученый, 2019. Т. 2. - 400 с.: ил.**


В определителе приведены описания более 530 видов птиц, зарегистрированных на территории стран Средней Азии (юг Казахстана, Кыргызстан, Таджикистан, Туркменистан, Узбекистан).

Второй том (цветной) содержит описание полевых признаков, голоса птиц и характера токования. Он предназначен непосредственно для экскурсий. На цветных иллюстрациях изображены птицы в разных сезонных и возрастных нарядах, в удобных для определения ракурсах: на земле (воде), на присаде, в полете. Даются описания распространения видов и цветные карты ареалов. Приведены характеристики подвидов, многие подвиды изображены на иллюстрациях.



**Комплексная переработка бурых углей Южного Казахстана: монография / Ж. Каирбеков, Э.Т. Ермолдина, А.Ж. Каирбеков, И.М. Джелдыбаева; под общ.ред. Ж. Каирбекова. - Алматы «Қазак университеті, 2018. - 454 с.**


В монографии обобщены результаты комплексной переработки угля Ой-Карагайского месторождения. Приведены результаты работ по разработке технологии брикетирования угля. Разработана технология получения гуминового препарата из бурого угля. Подробно проанализированы теоретические и прикладные аспекты известных способов получения препаратов и приведены наиболее важные области их практического применения. Представлены результаты исследования по разработке технологии получения полукокса из бурого угля. Приведены результаты по опытно-промышленному испытанию и определен экономический эффект от внедрения разработанной технологии производства гуминовых препаратов.



**Король, А. Д. Основы эвристического обучения: учеб. пособие / А.Д. Король, И.Ф. Китурко. - Минск: БГУ, 2018. - 207 с. - (Межвузовская серия «Креативное образование»).**

Представлен опыт использования эвристического обучения в образовательном процессе. Освещены вопросы проектирования и реализации целей, содержания, критериев оценивания, форм и методов обучения в учебном процессе вуза. Приведены рекомендации по разработке открытых заданий, занятий эвристического типа, рассмотрены особенности использования дистанционных образовательных технологий. Особое внимание уделено практическим аспектам организации коммуникации студентов (интернет-занятия, дистанционные олимпиады, конференции, проекты, творческие конкурсы).






**Особенности становления и развития белорусского государства: социологический анализ / под общ. ред. А.Н. Данилова, Д.Г. Ротмана. - Минск: БГУ, 2018. - 295 с.**

Рассматриваются основные сферы жизнедеятельности общества, анализируется процесс становления и развития белорусской государственности. Материалы книги основаны на результатах социологического мониторинга, проводившегося Белорусской социологической службой «Общественное мнение» (1988-1995), Центром социологических и политических исследований БГУ (1996-2018), кафедрой социологии факультета философии и социальных наук БГУ, статистических данных, а также на хронике событий, фактах из жизни суверенной Беларуси.



**Бекбаева Р.Н., Жанакова Н.Т. История кафедры общественных наук АПИИЯ за 50 лет / Р.Н. Бекбаева, Н.Т. Жанакова, - Алматы, «Асыл кітап», 2019 - 136 с.**

В данном издании на основе документального и архивного материала прослеживается история КазУМОиМЯ имени Аблай хана со дня его основания как Алматинского педагогического института иностранных языков и история кафедры общественных наук и ее реформирование за полвека. Авторы анализируют учебную, научную, политико-воспитательную работу преподавателей, которые преданно служили делу воспитания и подготовке молодых специалистов, отдавая все свои знания, энергию.



**Савчук, Т.Н. Аргументация в русско- и белорусскоязычном научно-гуманитарном дискурсе / Т. Н. Савчук. - Минск: БГУ, 2018. - 279 с.**

Обосновывается авторская (конвергентная) модель аргументации в дискурсе гуманитарных наук. Уточняется теоретический статус феномена аргументации, систематизируются подходы к его изучению, выявляются источники концептуальных проблем аргументологии. На основе когнитивно-прагматического анализа русско- и белорусскоязычных научных статей гуманитарного профиля (по социологии, психологии, культурологии, лингвистике, журналистике) устанавливаются закономерности системного устройства научно-гуманитарной аргументации, раскрываются особенности вербализации конститuentов аргументативного дискурса, классифицируются стратегии, тактики и приемы научно-гуманитарного обоснования.




**Медведев, Г.А. Временная структура доходности в диффузионных моделях процентных ставок / Г. А. Медведев. – Минск: БГУ, 2018.- 203с.**

Представлены результаты исследований свойств случайных процессов диффузионного типа, используемых для описания динамики краткосрочных процентных ставок и построения математических моделей кривых бескупонной доходности до погашения и форвардных кривых в интересах определения рыночных цен финансовых активов и финансовых производных.


Табл. 7. Ил. 36. Библиогр. 78 назв.






## **История, достижения и перспективы ИОСУ РК. - Караганда: ТОО «Арка и К», 2019. - 202 с.**

В 2018 году Институту органического синтеза и углехимии РК исполнилось 35 лет. Эти годы были наполнены различными событиями, насыщены непрерывной исследовательской работой, и как результат привело к созданию известных не только в Казахстане, но и за его пределами научных школ в области углехимии, органического синтеза и электрокатализа. Результаты научных достижений Института представлены многочисленными публикациями в специализированных изданиях, защищены авторскими свидетельствами СССР и патентами РК, ученые Института отмечены заслуженными наградами.




## **Король, А.Д. Эвристический урок. Результаты, анализ, рефлексии (Как разработать и провести эвристический урок): методическое пособие / А.Д. Король. - 2-е изд. стер. - Минск: Высшая школа, 2018. - 223 с. :цв. ил.**

В пособии раскрываются технологии осуществления эвристического обучения в учреждениях образования. Рассматривается проблема проектирования и реализации принципа человекообразности в образовании посредством диалога. Уделено внимание главной методологической, содержательной и методической составляющей образовательного процесса - вопросу ученика. Приводятся примеры поурочных разработок современных уроков (урока-диалога, интернет-урока, урока в форме дистанционной олимпиады, студенческой конференции и др.). Анализируются часто встречаемые ошибки при разработке заданий и уроков.



**Асыллов К.Ж. Политические партии современного Казахстана / Под общей редакцией З.К. Шаукеновой, А.С. Жолдыбалиной. – Астана: КИСИ при Президенте РК, 2018. - 206 стр.**

Данное информационно-аналитическое издание посвящено вопросам партийного строительства в Казахстане. В нем отражены ключевые события отечественного партийного строительства, обобщен современный опыт партийного функционирования зарубежных стран, а также приведены общие результаты сравнительного анализа партийных программ. Отдельная глава посвящена изучению активности партий по формированию политического имиджа и обратной связи с электоратом в интернет пространстве.



**Каби Окаев: брат, друг, муж, отец, учитель. Каким мы его помним. Алматы: ИД «Бико», 2018. - 238 стр.**

На страницах книги рассказывается история жизни Каби Окаевича Окаева - доктора экономических наук, профессора, одного из основателей первого экономического вуза Казахстана - Университета «Нархоз». Он автор нескольких монографий и словарей, из-под его пера вышли сотни научных публикаций, под его руководством десятки кандидатов и докторов наук защитили свои ученые степени, тысячи дипломированных выпускников Нархоза, учившихся у Каби Окаевича и считающих его своим учителем, трудятся в разных сферах. Но эта книга о другом Каби Окаевиче - брате, друге, муже, отце, учителе...

Родные и близкие, друзья и ученики делятся своими историями, каким они Каби Окаева запомнили в разные периоды жизни. Через судьбу одного человека воссоздается целая историческая эпоха.